"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің
Қызылорда облысы бойынша
ішкі мемлекеттік аудит департаменті"
республикалық мемлекеттік мекемесі

Шығыс №3 ***19.06.2018 жыл***

Шағым!

"Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесінің 2018 жылдың 16 мамырда жариялаған конкурс №2594160, Лот 16245033-ГСЗ2 бойынша Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен №2594160-ГСЗ1 көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттамамен келіспейміз. Заңды шешім шығарып беруді сұранамыз.

1. Лот бойынша қортындыны конкурстық құжаттамаға 12-қосымшаға техникалық ерекшеліктердің әлеуетті өнім берушілерінің ұсынған бағалау өлшемшарттарына сәйкес қойылмаған.

2. Тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметке әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының сәйкестігіне қызмет мақсаты Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне сәйкес келмейді деп 0 бал қойып отыр. Алайда «Ел-Мұраты» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестіктің жарғысының бірлестік мәні мен мақсатында: Облыс тұрғындары арасында салауатты өмір салтын насихаттау, түрлі деңгейдегі спорттық, мәдени танымдық шараларды ұйымдастыру, Ғылыми және жаппай мәдени іс-шаралар өткізу, оның ішінде ғылыми-тәжірибелік және рухани –мәдени симпозиумдар, конференциялар, семинарлар мен көрмелер ұйымдастыру, осындай іс-шараларға мұрындық болу. Қоғамдағы келеңсіз, зиянды әрекеттер мен мәселелер бойынша ұлттық құндылықтарды және әлеуметтік нормаларды пайдалана отырып ақпараттық –түсіндіру жұмыстарын жүргізу деп көрсетілге. «Ел-Мұраты» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестіктің жарғысы сәйкес келеді.

3. Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігіне (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі), тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары жоқ не конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде қарастырылған барлық талаптарды қамтымайды деп 0 бал қойып отыр. Алайда «Ел-Мұраты» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі іс-шараның бағдарламасы, тізімін, хабарландыру тіпті ЖД касса, Астана

қаласындағы Астана –Сапаржай автобекетімен алдын ала ниет келісім жасап іс-шараның егжей –тегжей бағдарламасын конкурстық құжаттамада ұсынған.

4. Жобаны іске асыру нәтижелерін тиімді бағалау бойынша индикаторлардың болуы техникалық ерекшелікте индикаторлар жоқ деп 0 бал қойып отыр. Алайда «Ел-Мұраты» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігі ИНДИКАТОРДЫ, тіпті іс-шара егжей –тегжей қамтылған критери ұсынған.

"Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі негізсіз «Ел-Мұраты» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігін конкурсқа жібермеді. Заңды шешім шығарып беруді сұранамыз.

«Ел-Мұраты» мүгедектер қоғамы»
қоғамдық бірлестігі басшысы **Тасыбаева С.А.**
/Құжаатқа электронды нұсқада қол қойылған/